

«№ 11 колледж» МКҚК-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау мәселелері бойынша I, II тоқсан барысындағы нормативтік актілерді түсіндіру

№ 1 ХАТТАМАСЫ

15.06.2023 жыл

№ 11 колледж МКҚК

Қатысқандар: «»№ 11 колледж сала басшылары, қаржы-шаруашылық бөлімі, пед. құрам - 60 адам

Күн тәртібінде:

1. Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі) Төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы № 112 бұйрығымен бекітілген «Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс – қызметтер туралы үлгілік ережеге сәйкес № 11 колледж қызметкерлеріне 2022-2023 оқу жылының I, II тоқсан барысындағы нормативтік актілерді түсіндіру туралы.

Күн тәртібіндегі мәселеге байланысты № 11 колледж директоры Е. Сасбұқа жоғарыдағы нұсқаулықтарды негізге ала отырып Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау, комплаенс-қызметтер туралы үлгілік ережелері, құндылықтары мен принциптерін бір түсіндіріп өтті.

№ 11 колледж директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары квазимемлекеттік ұйымына төрағалық етуші Т. Мақсұтов ол өз кезегінде 2015 жылғы 18 қарашадағы ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Заңы, 2014 жылғы 3 шілдедегі ҚР Қылмыстық Кодексі, 2014 жылғы 5 шілдедегі ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексін түсіндіріп, колледж қызметкерлері тарапынан нормативтік құқықтық актілер ережелерін сақтамай жүрген деректер тіркелмегенін бұл жөнінде қызметкерлерге толық түсіндірілгеніне тоқталды.

№ 11 колледж кадр бөлімінің меңгерушісі комплаенс-офицері міндетін атқарушы А. Орынбасар ҚР –ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы, 2022 жылғы 2 ақпандағы ҚР Президентінің № 802 Жарлығы, 2015 жылғы 23 қарашадағы ҚР Еңбек Кодексінің нормалары мен лауазымды адамдар мен қызметкерлердің міндеттері, мінез-құлық ережелері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты ережелері бойынша барлық қызметкерлердің еңбек шартында көрсетілгенін айтты. Колледж директоры Е. Сасбұқа 13.06.2023 жылы № 46-н бұйрығында Комплаенс-қызметіне квазимемлекеттік ұйымына төрағалық етуге Т. Мақсұтов және комплаенс-офицері міндетін атқаруға А. Орынбасар бұйрық бойынша бекітілгенін айтты. Алдағы уақытта жоғарыдағы көрсетілген құқықтық нормалардың сақталуын бақылауда ұстауды тапсырды.

Күн тәртібіндегі мәселелерді зерделей келе колледж директоры

ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі) Төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы № 112 бұйрығымен бекітілген «Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс – қызметтер туралы үлгілік ережелерін сақтауға;
2. 13.06.2023 жылы № 46-н Комплаенс-қызметіне квазимемлекеттік ұйымына төрағалық етуші Т. Мақсұтов және комплаенс-офицері міндетін атқарушы А. Орынбасар осы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау мәселелері бойынша I, II тоқсан барысындағы нормативтік актілерді түсіндіруі есепке алынсын.

Жиналыс төрағасы:

Е. Сасбұқа

Хатшысы:

А. Орынбасар